# Тақырыбы:

***Меруерт алқасын бисермен тоқу***



# Сабақтың мақсаты:

**Білімділік:** Оқушылардың бисер тоқудағы білімін жүйелендіру, шеберлік деңгейін арттыру арқылы әсемдік пен сұлулықты бағалай білуге үйрету.

**Дамытушылық:** Өз бетінше жұмыс істеуге, ынта–ықыласын, шығармашылық қиялын дамыту.

**Тәрбиелік:** Оқушылардың эстетикалық талғамын тәрбиелеу, тиянақтылық деңгейін көтеруге баулу.

**Сабақтың түрі:** Қортындылау сабағы

**Сабақтың әдісі:** Сұрақ –жауап, нұсқау, сарамандық жұмыс

**Сабақтың көрнекілігі мен құрал-жабдықтары:** Бисерден тоқылған дайын бұйымдар, технологиялық карта, суреттер, бисерлер, моншақтар, леска, №11 ине, қайшы, жібек жіп.

# Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру бөлімі
2. Өткен тақырыпты пысықтау.
3. Сергіту сәті
4. Сарамандық жұмыс
5. «Моншақ» сөзжұмбағын шешу.
6. Қорытындылау, жұмыстарын бағалау.

# Ұйымдастыру бөлімі

**Оқушылармен амандасу, көңілін сабаққа аудару.**

# *1. Бисер деген не?*

Пластмассадан, әйнектен, інжу-маржаннан жасалған түрлі –түсті ұсақ моншақтарды бисер деп атайды.

# МАҒЫНАНЫ АШУ

**Бисердің түрлері**

**Домалақ** **Сопақ** **Таяқша**

**2. Бисермен тоқу нені талап етеді? Бисер қай кезден бастап пайда болды?**

Бисермен тоқу көп уақытты талап етеді. Барлық қолөнер сияқты бисер тоқудың да тарихы бар. Бисердің шығу тарихы әйнектің пайда болуымен тікелей байланысты. Ал әйнектің қашан пайда болғанына әлі күнге дейін нақты дерек жоқ. Деген мен, әйнекті дайындаудың ең алғаш құпиясын Финикия әлі ашқан деген аңыз бар. Бұл аңызда финикиялық көпестер әлемді жүзіп жүріп Сирияға тоқтайды. Өздеріне азық дайындау мақсатымен отқа қазанын қою үшін аралдан үлкен тас іздейді. Ешнәрсе таппаған олар үлкен бөлігін пайдаланады. Жалынның ыстық температурасынан селитра еріп, өзен құмына  араласып, сұйық әйнек болып аққан екен. Осылайма, әлде басқа тәсілмен бе әйнек дүниеге келген. Бірақ Финикиялық көпестер бүкіл Жерорта теңізінің халқына әйнектен жасалған бұйымдарды сатқан екен.


Бисерді неден жасайды
Шыны
Керамика
Хрусталь
Металл

**Енді ұсақ моншақтар туралы қосымша тағы кім толықтырып айтады?**

Кейбір деректер бойынша әйнектің отаны Ежелгі Египет болған. Әйнектен жасалған моншақтар, амулет, ыдыс-аяқтар б.з.д. XI ғасыр ескерткіштерінен табылған. Әйнек массаға кобальт, мыс, марганец қосу арқылы египеттіктер көгілдір, жасыл, алқызыл түсті әйнек алған. Мұндай әшекейлерді еркектер де, әйелдер де ақ түсті киіммен таққан екен. Ең алғаш бисер атауы дәл осы Египет елімен байланысты. Оның атауы арабтың “бусра” немесе “бусер” деген сөзінен шыққан – жасалған маржан. Рим Империясы Египет елін басып алғанда әйнек өндіру Рим еліне өтіп, империя құлағаннан кейін Византияға өтеді. Ал Константинопольді түрік жауынгерлері жаулап алған соң әйнек өндіруші шеберлер жан-жаққа тарап, әлемге бисер атауы әйгілі бола бастады.

**Химиялық формуласын білесің бе?**

**CO, CU, MN**

**Шыны - Si O2 * 6H2O**

**Химиялық формуласын білесің бе?**

**Na2O CaO – 2SiO2 химия CaO6 K2 – 2SiO2**

**PbOCo – 2SO лағыл**

Қазақ зергерлері көбінесе қыз-келіншектердің ажарын ашатын, сұлу етіп көрсететін зергерлік бұйымдар жасаған. Сол зергерлік бұйымдардың сәнін келтіруге моншақтарды кеңінен қолданған. Атап айтсақ, әйел бас киіміне тағатын үлкен моншақ маржанды – былқылдақ, сәукеленің екі жағынан кеудеге төгіліп тұратын моншақтарды – жырға деп атаған. Шолпы, шашбаудағы алтын, күмістен жасаған зергерлік бағалы бұйымдарды тізілген моншақтармен өзара қосып әшекейлеген. Алқаны сумоншақтан, алтын, күмістен соғып, домалақтап, асыл тастардан тізіп, салпыншақ етіп жасайды.

**Алқаның бөлшектерінің атауы:**

1. Алақан – алқаның ортаңғы негізгі бөлігі, тақтасы;
2. Аяқ – алқаның салпыншағы;
3. Тойнақ – алқаның екі ұшын біріктіретін топса.

# Алқаның атаулары

**Алқаны қандай материалдан жасағанына байланысты: лағыл (рубин), маржан (коралл), меруерт (жемчуг) алқалар деп атайды.**



**рубин**



**коралл**




**жемчуг**



Басы екеу,
аяғыда екеу



**Әйнектен, інжу-маржаннан жасалатын түрлі түсті ұсақ моншақты қалай атайды?**



Әжеме өң берген,
Жиегін
көмкерген
Етегі желкендей
Киім еді ол
нендей.



Жерге түссе таптырмас



**Ине өткен жерден -**
**......... өтер**





| | |
|---|---|
| **Әр** | **Бас киім** |
| **Әшекей** | **Өрнек күміс** |
| **Кимешек** | **Әшекейтүр,көрік** |
| **Зүбіжат** | **Ылғи тас** |
| **Үлде бүлде** | **Асыл тас** |

# «Меруерт» алқасын бисермен тоқу.

## Қауіпсіздік ережелері:

**Қайшыны жолдасына үшкір ұшымен берме**
**Қайшыны арнаулы қобдишаға сақтау керек.**
**Инені жұмыс істегенде оймақ киген дұрыс**
**Инені киімге қыстыруға болмайды.**
**Инені тістеп ауызға салуға болмайды.**
**Тот басқан инемен жұмыс жасауға болмайды.**
**Моншақтар шашылып кетпес үшін оларды бөлек жайпақ ыдыстарда немесе қорапшаларда ұстаған жөн.**
**Бисермен бұйым тоқу кезінде бисерлер домалап шашылып кетпес үшін, бисерді түкті матаның үстіне төккен дұрыс.**

**Алқа тоқу технологиясы**
**Нұсқау карта бойынша жұмыс жасау.**


www.Magic-Beads.ru


www.Magic-Beads.ru


www.Magic-Beads.ru


www.Magic-Beads.ru


www.Magic-Beads.ru


www.Magic-Beads.ru


www.Magic-Beads.ru


www.Magic-Beads.ru


www.Magic-Beads.ru


www.Magic-Beads.ru


www.Magic-Beads.ru


www.Magic-Beads.ru

- 1. Бүгінгі сабақта тоқылатын алқаның аты.
- 2. Сумоншақты ең көп шығаратын ел.
- 3. Әйнекті тұңғыш ойлап тапқан ел.
- 4. Шашқа тағатын әшекей зат.
- 5. Алқаның екі ұшын бекітетін топса
- 6. Мойынға тағатын әшекей бұйым.




М
О
Н
Ш
А
Қ

## ҮІ. Қортындылау



**Бисермен шығармашылық жұмыс жасау арқылы**
**өмірге қандай дайындық алдық:**
**Алқа тоқуды үйрендік**
**Моншақ түрлерін ажырата алатын болдық**
**Моншақтың қолданатын орынын білдік**
**Алқаны өзі дайындап ақшасын үнемдеуді.**
**Базардағы алқа мен өзі жасаған алқаны салыстыра**
**отырып, таңдай білу қабілеті жоғарылады.**
**Шеберлікке үйренді.**
**Өзіне -өзі қызмет етуді үйренді**
**Байқағыштық қабілеті артты**

# Үйге тапсырма

# Сау болыңыздар!!!